

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор
Алмас Арзықұлов,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің жетекші
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін
жариялау үшін Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі білім және
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар
тізбесіне енеді.

Қоғам & Дәуір ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Мадина Бектенова, Шолпан Жандосова Ислам факторының Қазақстан мен Орталық Азиядағы қоғамдық-саяси жүйенің трансформациялық үдерістеріне ықпалы.	6
Толғанай Мустафина, Фарида Мусатаева, Сымбат Шакиров, Асан Амангельдиев Бітімгершілікті жүзеге асырудың негізгі қағидалары	21
Айгуль Забирова, Наталья Сейтахметова Постатеизм: әлеуметтанулық талдау	38
Еркебұлан Жұмашов, Нұрбек Пұсырманов Ауылдық елді мекендердің тұрақты дамуы: басқару жүйесін жетілдіру	53
Еркін Тұқымов Жаһандық демографиялық сын-қатерлер: Қазақстан үшін тәжірибесі	64
Гүлмира Сұлтанғазы, Жаслан Нурбаев, Гүлжан Ерменбаева Қазақстандық ұлт құрылысы контекстіндегі тарих және тарихтану	80
Мирас Жиенбаев Қазақстандағы ұлттық құрылыс саясаты: азаматтық немесе этноәлеуметтік сәйкестік пе?	93
Рафик Усманов, Майя Урузғалиева, Разия Асылғожина, Венера Жексембекова Солтүстік Каспийдің геоэкологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қазіргі саяси процестері мен тетіктері	104
Айнұр Әбиденқызы, Құрмет Қадылғазыұлы, Айгерим Ердашова Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы: әлемдік жетекшілікті қалыптастырудағы порттардың рөліне жүгіну	117
Бауыржан Әукен «Оңтүстік Кавказ аймағындағы қақтығыс және ынтымақтастық: теориядан саясатқа» кітабына шолу	131

СОДЕРЖАНИЕ

Мадина Бектенова, Шолпан Жандосова Влияние исламского фактора на трансформационные процессы общественно-политической системы в Казахстане и Центральной Азии	6
Толғанай Мустафина, Фарида Мусатаева, Сымбат Шакиров, Асан Амангельдиев Основные принципы осуществления посредничества	21
Айгуль Забирова, Наталья Сейтахметова Постатеизм: социологический анализ	38
Еркебұлан Жұмашов, Нұрбек Пұсырманов Устойчивое развитие сельских поселений: совершенствование системы управления	53
Еркін Тукумов Глобальные демографические вызовы: опыт для Казахстана	64

Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы
Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

**Гулмира Султангазы, Жаслан Нурбаев,
Гульжан Ерменбаева**
История и историзация в контексте
казахстанского национализма 80

Мирас Жиенбаев
Политика национального строительства в Казахстане:
гражданское и этносоциальное единство? 93

**Рафик Усманов, Майя Урузгалиева,
Рафия Асылгожина, Венера Жексембекова**
Современные политические процессы и
механизмы обеспечения геоэкологической
безопасности Северного Прикаспия 104

**Айнұр Әбиденқызы, Құрмет Қадылғазыұлы,
Айгерим Ердашова**
Китайская стратегия «Один пояс, один путь»:
роль портов в установлении глобального лидерства 117

Бауыржан Аукең
Рецензия на книгу: Конфликт и сотрудничество в регионе
Южного Кавказа: От теории к политике 131

CONTENTS

Madina Bektenova, Sholpan Zhandossova
Influence of the Islamic Factor on Transformation
Processes of the Socio-Political System in
Kazakhstan and Central Asia 6

**Tolganai Mustafina, Farida Mussatayeva,
Symbat Shakirov, Asan Amangeldiyev**
The Fundamental Principles of Mediation 21

Aigul Zabirowa, Natalya Seitakhmetova
After Atheism: a Sociological Examination 38

Yerkebulan Zhumashov, Nurbek Pusyrmanov
Sustainable Development of Rural Settlements:
Improving the Local Government 53

Yerkin Tukumov
Global Demographic Challenges:
Experience for Kazakhstan 64

**Gulmira Sultangazy, Zhaslan Nurbayev,
Gulzhan Yermenbayeva**
History and Historicization in the Context of
Kazakh Nation-Building. 80

Miras Zhiyenbaev
The National Building Policy in Kazakhstan:
Civic or Ethnosocial Identity? 93

**Rafik Usmanov, Maiya Uruzgaliyeva,
Raziya Asylgozhina, Venera Zheksembekova**
Modern Political Processes and Mechanisms
for Ensuring Geo-ecological Security
the Northern Caspian Region 104

**Ainur Abidenkyzy, Kurmet Kadylgazyuly,
Aigerim Yerdashova**
Chinese Strategy «One Belt, One Road»:
the Role of Ports in Establishing Global Leadership 117

Bauyrzhan Auken
Review of the book: Conflict and Cooperation
in the South Caucasus Region 131

Мадина Бектенова¹, Шолпан Жандосова²

¹ ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD
e-mail: madeka_1982@mail.ru

² ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, PhD, қауымдастырылған профессор
(Алматы, Қазақстан)
e-mail: sholpan_zhandosova@mail.ru

ИСЛАМ ФАКТОРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖҮЙЕСІНІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРІНЕ ЫҚПАЛЫ

Андатпа. Мақалада Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы трансформациялық қоғамдық-саяси үдерістер аясындағы ислам мен ислам факторының ықпалын зерттеуге арналған теориялық-концептуалды ыңғайлар қарастырылды. Ислам дамуының заманға сай, өзекті парадигмалары мен трендтерін және олармен байланысты мәдени-әлеуметтік, саяси-қоғамдық үдерістерді түсіну, пайымдау еліміз бен қоғамымыздың әлемдік тәртіптің өзгермелі шынайылықтарында бағдарлауын жеңілдетеді. Еліміздегі мемлекеттік-конфессиялық саясат саласындағы модернизациялық үдерістерді реттеудің мүмкін тетіктерін әзірлеу отандық ғылыми қауымдастық үшін академиялық және тәжірибелік маңызға ие. Сондай-ақ, мақалада аймақтағы әртүрлі қауымдастықтар арасындағы исламды түсіндірудегі айырмашылықтар, сондай-ақ жаһандық тенденциялардың діни тәжірибелер мен саяси белсенділікке әсері қарастырылады. Жалпы, мақала Қазақстан мен Орталық Азиядағы ислам мен қоғамдық-саяси өмір арасындағы күрделі динамиканы, өңірлік қоғамдар тап болатын негізгі трансформациялық процестер мен сын-тегеуріндерге баса назар аударуға бағытталған.

Түйін сөздер: ислам, саяси жүйе, Орталық Азия, Қазақстан, ислам факторы, ислам бірегейлігі, радикалдану.

Мадина Бектенова, Шолпан Жандосова
ВЛИЯНИЕ ИСЛАМСКОГО ФАКТОРА НА ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ В КАЗАХСТАНЕ И ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

Аннотация. В статье рассмотрены теоретическо-концептуальные подходы к изучению влияния ислама и исламского фактора в дискурсе

трансформационных общественно-политических процессов в Казахстане и центральноазиатском регионе. Понимание, интерпретация актуальных современности парадигм и трендов развития ислама и связанных с ними социокультурных, общественно-политических процессов облегчает ориентирование нашей страны и общества в изменяющихся реалиях мирового порядка. Разработка возможных механизмов регуляции модернизационных процессов в нашей стране в области государственно-конфессиональной политики имеет большую академическую, практическую значимость для отечественного научного сообщества. Также в статье рассматриваются различия в интерпретации ислама среди различных общностей в регионе, а также влияние глобальных тенденций на религиозные практики и политическую активность. В целом, статья направлена на освещение сложной динамики между исламом и общественно-политической жизнью в Казахстане и Центральной Азии, с акцентом на ключевые трансформационные процессы и вызовы, с которыми сталкиваются региональные общества.

Ключевые слова: ислам, политическая система, Центральная Азия, Казахстан, исламский фактор, исламская идентичность, радикализация.

Madina Bektenova, Sholpan Zhandossova
INFLUENCE OF THE ISLAMIC FACTOR ON TRANSFORMATION
PROCESSES OF THE SOCIO-POLITICAL SYSTEM IN KAZAKHSTAN
AND CENTRAL ASIA

Abstract. The article examines theoretical and conceptual approaches to the study of the influence of Islam and the Islamic factor in the discourse of transformational socio-political processes in Kazakhstan and the Central Asian region. Understanding and interpreting current paradigms and trends in the development of Islam and related sociocultural, socio-political processes facilitates the orientation of our country and society in the changing realities of the world order. The development of possible mechanisms for regulating modernization processes in our country in the field of state-confessional policy has great academic and practical significance for the domestic scientific community. The article also examines differences in the interpretation of Islam among different communities in the region, as well as the impact of global trends on religious practices and political activism. Overall, the article aims to highlight the complex dynamics between Islam and socio-political life in Kazakhstan and Central Asia, focusing on the key transformational processes and challenges facing regional societies.

Key words: Islam, Political System, Central Asia, Kazakhstan, Islamic factor, Islamic identity, Radicalization.

Кіріспе

Қазақстан аймақтық саясаттың негізгі ойыншысы, сондай-ақ әлем күн тәртібінің белсенді қатысушысы ретінде жалпы алғанда халықаралық қарым-қатынастар деңгейінде және әсіресе қоғамдық-саяси жүйенің

ішінде трансформациялық үдерістерді бастан өткеруде. Совет жүйесінің құлдырауынан және Орталық Азия аймағындағы елдердің тәуелсіздігін алғаннан кейін орын алған исламның жаңғыруы осы мемлекеттердің саяси-қоғамдық дамуының өрлемелі трендіне айналды. Бір жағынан, ислам дінімен тарихи және мәдени тұрғыдан сәйкестеніп (идентификация мағ.) келген Орталық Азия елдері мұсылман әлеміне мұсылман елдерімен әр түрлі ынтымақтастықтарды дамыта отырып интеграциялануда. Ол үдеріс бүкіл әлемдегі мұсылман халқы аралының және жалпы ислам ықпалының ұлғаюмен байланысты екен анық. Басқа жағынан келгенде, кейбір ислам ағымдарының өсіп келе жатқан радикалдануы салдарынан Орталық Азияның зайырлы болып табылатын мемлекеттерінің алдында ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті нығайту, мемлекеттік қағидаларды, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері алға шығады.

Мұсылман әлемі, біртұтас өркениеттік әрі мәдени-әлеуметтік жүйе бола тұра, сондай-ақ исламды түсінудің және деңгейлерінің көптігін көрсетеді, яғни олар исламның өзінің күрделі құрылымы мен атқаратын қызметтерінің алуан түрлілігіне байланысты. Бұл арада ислам, сонымен қатар, сан алуан саяси күштер тарапынан ислам өркениетінің әлемдік ауқымындағы орнын нығайту үшін ғана емес, сонымен бірге нақты саяси, геосаяси, идеологиялық және экономикалық мақсаттарға жету үшін де қолданыла алады [1].

Бүгінде мұсылман қауымдастықтарының ішіндегі саяси күштердің тез өзгеріп жатуы, жаңа идеологиялық жобалардың пайда болуы ислам факторы мәселесін әлем күн тәртібінің басты назарына әкеп қоюда.

Еліміздегі және аймақтағы саяси-қоғамдық жүйенің трансформациясы үдерісіндегі исламның/ислам факторының рөлін объективті түсіну үшін исламның бөлек мұсылман елдерінің және аймақтарының ішкі және сыртқы саясатына, мәдени-әлеуметтік құрылымына деген ықпалының дәрежесін талдау, теориялық-концептуалдық түйсіну қажет.

Ол әсіресе Таяу Шығыстағы әскери жанжалдардың ушығуы, сарапшылардың ислами радикалды ұяшықтар күштерінің Таяу Шығыстан сондай-ақ Орталық Азияға да ығысуы туралы жағымсыз болжамдары тұрғысынан ерекше өзекті.

Бүгінгі таңда Қазақстанда және Орталық Азия елдеріндегі террористік белсенділіктің төмен көрсеткіштері болашақта қауіпсіздіктің толықтай кепілі бола алмайды. Әсіресе исламның радикалды бағытталған ағымдарының жақсы дамыған цифрлық мүмкіндіктері мен идеологиялық механизмдерін есепке алғанда.

Мақаланың мақсаты – Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы трансформациялық қоғамдық-саяси үдерістер аясындағы ислам мен ислам факторының ықпалын зерттеуге арналған теориялық-концептуалды ыңғайларды ашып көрсету.

Зерттеулерге шолу. Ислам факторы тақырыбы өздігінен өте қайшылықты. Ресей ғалымдары мен посткеңестік елдердегі ғалымдардың басым көпшілігінің зерттеулерінде «исламдық фактор» ұғымының саяси трансформациялармен, мұсылман қауымдастықтарының бөлек топтары

мен күштерінің дәмелерімен, мемлекеттік және аумақтық қауіпсіздікке деген қатерімен байланысты контексте кездеседі [2]. Батыс зерттеулеріне бұл бағытта «исламизм», «саяси ислам» терминдерін қолдану тән. Ислам төңкерілісі, исламизм және оның генезисі, маргиналданған мұсылман қауымдастықтарының радикалдануы мәселелері С. Берман, И.М. Лапидус, С. Аль-Азм, Х. Мансон, М.Е. Япп, Т. Осман және т.б. секілді ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Арне Зайферт өзінің Орталық Азияға арнаған зерттеуінде «ислам факторы» терминін өзінде исламды, саяси исламды, мұсылман халқын, исламдық ұйымдарды, партияларды, қозғалыстарды қамтитын ұғым ретінде қолдануды ұсынады, сол арқылы «саяси ислам» ұғымы анықтамасының күрделілігінен аулақ болу мақсатында [3, 6 б.]. Исламдық фактордың діни фактор секілді өзінде бейбітшіл жүктемені де қамти алатын мағынасы кең ұғым екенін есепке ала отырып, автормен бұл пікірде келісуге болады. Орталық Азия елдері тәуелсіздігінің қалыптасуы кезеңінде ислам факторы саяси-қоғамдық, мәдени, рухани, идентификациялық, сонымен бірге интеграциялық үдерістерге жан-жақты ықпалын тигізген болатын.

Тәуелсіздігін алған кезден бастап посткеңестік Орталық Азия елдеріне деген шетелдік зерттеушілері мен ғалымдарының қызығушылығы арта түсті, соның ішінде діни салада [4]. Осы тақырыпта Ш. Акинер, Адиб Халид және Йохан Расанаягамның еңбектері жарық көрді, оларда аймақтағы секуляризм мен ислам, дін саласында мемлекет пен қоғам арасындағы қатынас, аймақтың аспектідегі ислам дамуының ерекшеліктері, қарама-қайшылықтары және болжамдағы болашақ сценарийлері көрініс тапты [5].

Діни тәжірибелердің, әдебиеттердің қол жетімділігі, бүкіл әлемнен ағылып келген миссионерлердің іс-әрекеті ұзақ жылдарға созылған атеистік идеологиядан кейін қоғамдық сананың діни арқауын түбегейлі өзгертті. Посткеңестік мемлекеттерге қатысты ғалымдардың айтып жүрген «исламның қайта жаңғыруы» «ре-исламдану» ол ислам рөлінің ұлғаюын және оның ендігі жерде азаматтардың жеке өмірінде ғана емес, қоғамдық өмірінде де орын алуын білдіреді. Діни ғимараттар санының өсуі, сыртқы діни атрибуттар, исламның күнделікті діни жоралары, ислам мейрамдары қазақстандықтардың қоғамдық өмірінде өзінің ауқымды орнын алуда.

Зерттеу әдістері

Ислам және ислам факторының ықпалы мәселесі бірімәнді емес, көпөлшемді құбылыс, оның феноменологиялық мазмұнын әрі қазіргі діни процесстер аясындағы мәнін, концептуалдығын ашып көрсету үшін бірқатар гуманитарлы ғылымдардың, соның ішінде дінтану, саясаттану, әлеуметтану, философия ғылымдарының әдістемелік арсеналы қажет. Осыған орай мақаланы жазу барысында жалпы ғылыми әдістер мен пәнаралық әдістемелік нұсқауларды қолдану негізге алынды. Соның ішінде зерттеу ғылыми талдау мен жинақтаудың, жалпылаудың, тарихи-логикалық реконструкция, жүйелік-құрылымдық және ретроспективті талдаудың, компаративистикалық және сараптамалық арнайы әдістерінің кешені негізінде жүргізілді. Синергетикалық ыңғай ислам факторының

қазіргі қоғамда болып жатқан көпвариантты мәдени және әлеуметтік үдерістер жағдайындағы динамикасы мен өзгеруін айқындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Жалпы алғанда, Орталық Азия аймағындағы елдерге исламның ықпалын, сол сияқты ислам факторымен байланысты ғылыми зерттеулерді шартты түрде мынадай бағыттарға бөлуге болады:

- сәйкестендіру (идентификация) процестері, күнделікті тәжірибелер мәнмәтініндегі ислам;
- мемлекеттік-конфессиялық қатынастар мәнмәтініндегі ислам;
- діни сананың радикалдануы мәнмәтініндегі ислам,
- исламды саясиландыру, исламды секьюритизациялау;
- исламның рухани білім беру және мәдени парадигмалары.

Орталық Азияда тарихи дәстүрді жаңғырту арқылы мәдени сәйкестендіру үдерістері орын алып жатыр, бірақ ең маңыздысы, сәйкестендіру жойылудан аман қалған исламдықтың және ислам мұрасының бүкіл мәдени қабатының қайта оралуымен байланысты. Орталық Азия аймағындағы ислам және ислам бірегейлігі мәселелерімен тығыз айналысып келе жатқан ғалымдар ислам дамуының біртекті емес екенін, сондай-ақ оның қазіргі қоғамдарды құрудағы саяси әрі мәдени рөлінің күрделілігін атап өтеді.

Қазіргі уақытта ислам қазақстандықтардың өзін сәйкестендіруі тұрғысынан маңызды факторға айналууда. Қазақстандық шынайылық үшін, сондай-ақ, бүкіл өңір үшін тәуелсіздік жылдары мемлекеттік, ұлттық, мәдени және діни бірегейлікті іздеудің серпінді үдерістерімен сипатталды. Діни бірегейліктің ең көп зерттелген аспектілерінің бірі ислам бірегейлігі құбылысы болды, бұл исламның Орталық Азия аймағы және бүкіл әлемде де рөлінің артуы аясында орынды. Қоғамдық дискурста исламның діни ғана емес, сонымен бірге этникалық өзін-өзі сәйкестендіру ретіндегі рөлі қайта құрылууда.

Ислам бірегейлігі діни, мәдени және ұлттық бірегейліктің проблемалық алаңында қарастырылады. Іргелі ғылыми зерттеулер тарапынан ислам бірегейлігі ислам санасының дүниетанымдық парадигмаларын құрылымдаушы және құрастырушы ретінде қызығушылыққа ие. Ислам бірегейлігінің коммуникативті тәжірибелер үшін маңызын анықтау оның мәдени-әлеуметтік мәнін айқындауға мүмкіндік береді. Гуманитарлы ғылымдар саласында ислам бірегейлігін қалыптастыратын себептер мен қағидалары туралы болып жатқан пікір-таластар мәселенің бірімәнді емес әрі күрделі екенін көрсетеді. Қолданбалы сипаты бар зерттеулер үшін ислам бірегейлігі туралы сұрақ саясаттағы, қоғамдық санадағы, мәдениеттегі мәселелермен тікелей байланысты.

Қоғамдық санадағы діни/ислам бірегейлігінің дәрежесін зерттеу де біркелкі емес. Біреулер діндарлықтың өсуін көрсетіп жатса, басқа зерттеулердің нәтижелері діндарлықтың азаюын және шынайы діни

қағидаттардың барлығын бұлжытпай отыратындардың санының әлдеқайда төмен екенін айтады [6].

Қазақстандағы ислам бірегейлігі дәстүрлі, азаматтық бірегейлікке кіріктірілген. Оны бұл контекстте ұстап отыру тек ислам бірегейлігін ғана емес, жалпы ұлттық бірегейлікті деконструкциялауға тырысып жатқан Қазақстан үшін дәстүрлі емес діни ағымдардың жаһанды экспансиясы жағдайында қазақстандық қоғамды біріктіру, ұлттық сананы қалыптастыру, мәдениеттің, діни дәстүрдің өзіндік кодын сақтап қалу мәселесімен байланысты.

Исламдық/мұсылмандық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері, оның Орталық Азия елдеріндегі өзгерістері Оливье Руа, Т. Джереми Ганн, С. Спер және Н. Касанова, Г. Емельянова, У. Бигожин, М. Бектенова еңбектерінде жан-жақты ашылған. Ұлттық, мәдени және рухани қағидаттарды өзінде қамту арқылы ислам бірегейлігінің күрделі құрамды болуы, сондай-ақ оның тарихи аймаққа байланысты өзгергіштігі, діни тәжірибеге енуі/енбеуі мәселелері ғалымдар Я. Рой мен А. Вайнер жүргізген әлеуметтанулық зерттеуде кеңінен көрсетілген [7]. Қазақстандағы діни, оның ішінде ислам бірегейлігінің инклюзивтілігі мен эксклюзивтілігі мәселелерін ғалымдар қазақстандық діни кеңістіктің диалогтық парадигмасы, діни санадағы дәстүр мен модерннің арақатынасы, ислами бірегейліктің қазіргі жаһандық, мультимәдениетті шындыққа кіріктірілуі призмасы арқылы қарастырады [8].

Ұлттық мәдени дәстүр арқылы сәйкестендіру этно-ұлттық және діни бірегейлік дискурсына енгізіледі. Сәйкестендіру кезінде не маңызды – этноұлттық немесе діни сана ма, әлде этноұлттық пен диниліктің бірлігі ма деген сұрақ ұлттық өзін-өзі анықтау мәселесіне әкеледі. Осылайша, қазақстандық қоғамдағы этностық пен исламның арақатынасы мәселесін зерттей отырып, А. Султанғалиева ұлттық ояну толқынында исламның ұлттық сана-сезім мен мұсылман этникалық азшылықтардың (татарлар, ұйғырлар, дүнген т.б.) құрамдас элементі ретіндегі рөлі күшейгеніне назар аударады. Басқаша айтқанда, ислам бұл халықтардың этникалық және ұлттық дәстүрінде «еріген» болып шығады [9].

Сонымен қатар, исламдық жаңғыру дихотомиялық мағынада да сипатталды: бір жағында – посткеңестік ауқымдағы мұсылман халықтарының ислам дәстүрімен өзін-өзі сәйкестендіру мәселесі туындады, ал екіншісінде – саясаттандырылған ислам, «ислам факторы» деп аталатын мәселе және оның қарастырылып отырған аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қауіп төндіруі қарастырыла бастады. Ислам бірегейлігінің заманауи маркерлері, «дұрыс» ислам бірегейлігін іздеу, ислам бірегейлігін дәстүрлі элементтермен және этникалық белгілермен байланыстыру, жаһандану әлеміндегі ислам бірегейлігі радикалдануының алдын алу, мұның бәрі геосаяси тұрғыдан да, қазіргі гуманитарлық ғылымды зерттеу үшін де проблемалық өріс болып табылады.

Осыған сүйене отырып, ислам бірегейлігінің шартты түрлері тұжырымдалды, олардың ішінде: «дәстүрлі ислам бірегейлігі», «халықтық

ислам бірегейлігі», «этно-исламдық бірегейлік», «жаңа ислам бірегейлігі» («таза ислам») және т.б. [10].

Бұл арада исламның икемділігін атап өту керек, онда халықтар руханиятының ең жақсы дәстүрлерін бойына сіңірген, бірақ исламның негізгі догматикасы мен моральдық принциптеріне қайшы келмейтін басқа ислам да «дәстүрлі» деп есептеле алады.

Зерттеулердің жеке бөлігі исламның күнделікті тәжірибелерін зерттеуге, ұжымдық және жеке сана деңгейінде ислами ұйғарымдарды ұстанудың салттық тұрғысы саласындағы антропологиялық зерттеулерге арналған [11].

Күнделікті өмірдегі мұсылмандық және дәстүрлі (халық) салттарының қамтылуы мен арақатынасы, діни атрибуттардың зайырлы құндылықтармен үйлесімдігі, халал индустриясы, мешіттер санының және олардың қоғамдық нарративтегі рөлінің ұлғаюы мәселелері соңғы жылдарда ғылыми зерттеулер үшін маңызды объектілерге айналууда.

Оның үстіне мешіт салттық тәжірибенің ажырамас бөлігі ретінде жаңа мағыналар мен компоненттерге толтырылып келеді. Мешіттің Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері қалыптасуы мен дамуының сакралды-рухани құраушысы, зайырлылық жағдайындағы ұлт құрылысы әрі сәулет имиджі элементі ретіндегі рөлі өзектеніп келеді. Орталық Азиядағы мешіттерді тұрғызу барысында мемлекеттер арасында «Орта Азиядағы ең үлкен мешіт» секілді нарратив сипатындағы жасырын жарыс болып жатқанын да аңғарамыз. Мешіттер мүдделі тараптар салған әлеуметтік кеңістіктің нысандары ретінде қарастырылады. Бұл процесті сипаттау үшін қазақстандық ғалымдар К. Медеуова, М. Кикимбаев «партиципация» ұғымын қолданады. Оны діни қауымдастықтың (үммет, жамағат) бұл үдеріске қатысуын түсіндіру үшін ғана емес, сондай-ақ осы қауымдастықтың жаңа мешіттерді тұрғызуға күзіреті бар белсенді акторлар қатарына жатқызыла алатын ресми билік атынан мемлекеттік органдар және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы секілді діни институттармен әріптестігін түсіндіруге бағытталған термин ретінде қарастырады [12]. Осылайша, А. Бисенова Астананың Бас мешіті Өзірет Сұлтан мешітінің мысалында бір-бірін толықтыруға және идеологиялық бәсекелестіктен немесе тіпті сенімсіздіктен аулақ болуға мүмкіндік беретін ортақ мүдделер мен нарративтерді іздеуде зайырлы және діни билік арасындағы шебер өзара іс-қимылға жүгінеді [13].


Күнделікті тәжірибелерді зерттеудің исламға қатысты аспектілерінің бірі – күнделікті өмірде қоғамда діни атрибутиканың, діни мейрам-жоралғылардың, діни терминологияның өрісінің кеңеюі, қолданыста жиілеуі, көзге көрінуі. Бұл фактор қазіргі уақытта Қазақстан үшін де, көрші Қырғызстан, Өзбекістан үшін көптеген пікір-талас туғызып жатқан тренд те, мәселенің де бірегейі.

Зайырлы мекемелерде хиджаб кию тақырыбы қазақстандық қоғамда триггерлік болып табылады және көптеген дауға себеп болуда. Діни киімге деген халықтың қатынасы әлеуметтік-мәдени динамикалардың маңызды қырларының бірі. Әртүрлі қоғамдарда діни киімдерді кию құқығы

жөніндегі қызығушылық тек сенім мен қоғам арасындағы байланысты ғана емес, сонымен қатар діни сенім бостандығы, толеранттылық пен мәдени әралуандық мәселелерін де ашып көрсетеді. Қоғамымыздағы бұл жөніндегі көзқарастардың қарама-қайшылығы ел ішіндегі тұрақтылық пен ауызбіршілікке қауіп төндіруі мүмкін мәселе.

Осыған орай 2023 жылы ҚР Мәдениет пен ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің тапсырысымен өткізілген әлеуметтанулық зерттеуде халықтың мұсылман киімі мен атрибуттарын киюге қатысты пікірі зерделенді. Осылайша, сауалнамаға сәйкес, респонденттердің жартысына жуығы – 48,7% бейтараптық танытуда. Алайда, белгілі бір атрибуттар арқылы діндарлығын көрсетіп жатқандарға деген жағымсыз көзқарас көрсеткіштері жағымдыға қарағанда екі есе асып тұр – сәйкесінше 31% және 16,3 % (1-сурет).

1-сурет. «Кейбір мұсылмандардың діни тиесілілігін көрсететін киімдерді, заттарды (хиджаб, никаб, қысқа шалбар және т.б.) киіп жүргені Сізге ұнай ма?» деген сұраққа жауаптардың үлестірімі, %



Респонденттердің тұрғылықты аймағына қарай жауап беру корреляциясы келесідей ерекшелікті айқындады. Діншілдіктің сыртқы факторларына қатысты ашықтықты және толеранттылықты көбінесе Қостанай (20,3%) және Павлодар (24,6%) облыстарының респонденттері танытты. Сыртқы діни маркерлерге қатысты жағымсыз көзқарас Батыс-Қазақстан облысында басым (44,4%). Бұл орайда Астана қаласын (36,4%), Маңғыстау (35,2%) және Абай (34%) облыстарын атап өту қажет.

Жалпы, сарапшылардың пікірінше, хиджаб – ол тек қана мектеп пен оқушы арасындағы мәселе емес, ол ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық құндылықтарды сақтау мүдделерін қозғайтын мемлекеттік деңгейдегі мәселе. Қазақстан бұл арада секуляризм мен діни өзін таныту арасындағы нәзік теңгерімді іздеу үстінде, сондықтан тақырыпты түсінетін зерттеушілер жағдай ушықпай тұрғанда заңнамаға қажетті түзетулер мен нақтырақ анықтамалар енгізгенді жөн көріп отыр.

Ислам факторының Қазақстандағы саяси процестерге ықпалы туралы айта отырып, исламның макроәлеуметтік және саяси деңгейдегі рөлінің арту үрдісін атап өту маңызды. Бұған мемлекеттің ислам әлемімен интеграциялануға деген ұмтылысы [14], дүниежүзілік ислам қаржы жүйесіне кіру, елде исламдық экономикалық және білім беру мазмұны дамып келе жатқандығы дәлел. Осы факторлардың барлығы мұсылман санасының өзгеруіне және ислам бірегейлігінің процессуалдылығына әсер етеді.

Орталық Азияның барлық елдері, соның ішінде Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап дін саласында өзінің мемлекеттік саясатын әзірлеуге бет бұрды. Осылайша, дін саласындағы жалпы мемлекеттік саясат мамандандырылған мемлекеттік органдарда қалыптасады, ал мұсылман ортасындағы әрекеттерді тікелей үйлестіру Орталық Азия елдерінде «мұсылмандардың діни басқармасы» деп белгіленген мемлекеттік емес институттарға жатады (тек Тәжікстанда ғана ол ислам орталығы – Ғұламалар кеңесі) [15].

Отандық және шетелдік ғалымдардың аймақтағы мемлекет-дін қатынастары саласындағы зерттеулеріне сүйене отырып, «секуляризм versus исламды қайта жаңғырту» дихотомиясын шешу тәсілі туралы концептуалды мәселе ашық болып қала беретінін түсінеміз [16]. Ғылыми әдебиеттер мен бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарын талдау Орталық Азиядағы мемлекеттері тарапынан дін саласын тым белсенді реттеу үрдісін көрсетеді. Исламның қайта жаңғыруы процесі, бір жағынан, қазіргі жаһандық трендтердің объективті шындығы болса, екінші жағынан, деструктивті бағыттағы діни (соның ішінде ислам) ағымдарының артуы діннің секуляризациялануына әкеледі [17]. Осы арада, сарапшылар мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы тағы бір қолайсыз үрдісті – діни саясаттың, әсіресе исламға қатысты дуализмін өзектендіреді. Мемлекет мүфтиятты ашық түрде қолдап, сонымен бірге исламды дұрыс пен бұрыс деп бөлетін жағдайда. Әрине, демократиялық қоғамда, адам құқықтарын барлығын сақтай отырып, біз діни плюрализмге және дүниетанымның алуан түрлілігіне бет түзеуіміз керек, бірақ сонымен бірге мәселе кейбір жаңа діни ұйымдарды жақтаушылардың миссионерлік қызметі заңға қайшы әрекеттермен, оның ішінде, оларға қатысқан отандастар елдің заңдарын бұзу, мемлекеттік негіздерді мойындамау, отбасылық қатынастардың бұзылуы, әлеуметтік мәртебесін жоғалтуы, мүліктік құқықтардың иеліктен шығарылуы салдарынан «жоғалған сәйкестіктің» тасымалдаушысына немесе экстремистік бағыттағы радикалды топтардың мүшелеріне айналуымен сипатталады.

Өзбек ғалымы Фарход Толиповтың ойынша, Кеңес Одағының ыдырауы Орталық Азия елдеріне тәуелсіздік әкеліп қана қоймай, сонымен қатар қоғамдық санадағы бәрегейліктердің араласуын айқындай түсті. «Ұлтшылдықтың аймақшылдыққа, демократияның автократияға, исламның зайырлылыққа қарсылығы – бұл аймақтың болашақтағы дамуы мен келешегі туралы байыпты ойлайтындардың санасын толтыратын

дихотомиялардың бірсыпырасы ғана. Исламның өзі бүгінде Орталық Азиядағы қоғамдық-саяси үдерісі өрбіген өте күрделі жағдайға әкеліп тұр» [18].

Сванте Э.Корнелл Орталық Азия мен Әзірбайжан елдерінің мысалында мұсылман әлеміндегі жаңа зайырлылыққа арналған кітабында мемлекеттерді күшті дихотомиялардан, сонымен бірге «өзіміздікі» және «бөтен (жат)» деп бөлінуден аулақ болуға шақырады. Басқалар деп есептелетіндерді жатсыну олардың консервациясына және одан әрі радикалдануына әкелуі ықтимал. Керісінше, жаңа зайырлылық жағдайында діни саясаттың тиімді тетіктерін әзірлеу Орталық Азия мемлекеттерінің одан әрі дамуы мен тұрақтылығына ықпал етеді [19].

Бүгінгі таңда деструктивті исламдық ағымдар өкілдерінің діни санасының радикалдануы өсу тенденциясына ие, бұл өз кезегінде бүкіл әлемде ислам қатынастарына, исламофобиялық көңіл-күй көріністеріне және ислам тәжірибелері мен дәстүрлеріне деген секьюритизацияға қатысты сұрақтарды туғызады. Әлемдік жағдайдың шиеленісуі, Таяу Шығыстағы әскери әрекеттер, қақтығыс жағдайларының пайда болу қаупі даму траекториясын дұрыс таңдаудың маңыздылығы мен қажеттілігін тағы да дәлелдеп отыр.

Таяу және Орта Шығыстағы радикалды, экстремистік ағымдарды ілгерілету жағдайындағы исламды саясиландыру мәселелері, сондай-ақ олардың Орталық Азия мен Ресейдегі көріністері қазіргі исламтанулық және шығыстанулық зерттеулерде ресейлік ғалымдар А. Малашенко, А. Смирнов, В. Наумкин, А. Игнатенко, Г. Сафарова, И. Звягельскаяның еңбектерінде кеңінен қамтылған.

Олардың еңбектерінде қарастырылған қазақстандық шындықтағы исламдық радикалдану және саясилану процестері ықтимал сценарий немесе радикалды исламдандырудың ең төменгі тренді ретінде құрастырылады. Қазіргі уақытта аймақтағы жергілікті исламдық ұйымдар қоғамға ықпалын күшейтсе де, «Орталық Азиядағы зайырлы режимдердің «түбіне жетуі» екіталай» [20]. Қазақстандағы ислам саяси фактор ретінде маргиналды деген пікір айтылады. Қазақстандық саясаттанушы С. Көшкімбаевтың пікірінше, қазіргі уақытта біз мұнымен келісе аламыз, алайда қазіргі заманда мұсылман әлемімен қоса орын алып жатқан серпінді процестер бірқатар елдерде жақында ғана қоғамдық процестердің шетінде болған саяси исламның қарқынды «қайта оралуына» тап болғанын көрсетеді [21].

Орталық Азия мен Қазақстандағы діннің орны мен рөлінің өзгеруін есепке ала отырып, діни ахуалдың даму үдерісін 2020 жылы сарапшылар синхрондалмаған, аяқасты тәуекелдермен күрделенген, тұрақтылық векторына деген ықпалға шалдыққыш деп сипаттаған, бірақ Орталық Азия аймағына қарағанда Қазақстанда әлдеқайда аз мөлшерде. Осыған байланысты сауалнамаға қатысқан срапашылардың 56,7%-ы Орталық Азияға және тек 23,3%-ы Қазақстанға қатысты арнайы саясатты жүзеге асыруды қажет деп санайды [22].

Қоғамдағы шешілмеген әлеуметтік мәселелер, кедейліктің, әлеуметтік әділетсіздіктің, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің артуы, жұмыссыздық, тауарлардың бақылаусыз қымбаттауы, халықтың әртүрлі топтары үшін әлеуметтік лифттердің болмауы және қоғамдағы басқа да экономикалық мәселелер наразылық көңіл-күйін дамытудың, деструктивті қызметті жұмылдырудың, исламдық радикалданудың триггері бола алады. Орталық Азия және одан тыс жерлерде де заманауи радикализммен күресудің қиындығы радикалды идеологияға тез бой алдыратын жастардың санасы үшін күресуіміз керек екендігімен түсіндіріледі.

Е. Гарбузарова Орталық Азия мемлекеттері үшін басты проблема аймақтың қазіргі кезеңде Таяу Шығыс тап болған саяси турбуленттіліктен сақтандырылмағандығында деп жазады. Таяу Шығыс елдерінің авторитарлық режимдері демократиялық реформаларды талап етіп отырған революциялық бұқараның нысанасына айналды. Өңірде басталған өзгерістердің қозғаушы күші жастар. Кейінірек революциялық қозғалыстардағы бастама исламшыл топтардың жетекшілеріне өтті. «Араб оянуына» себеп болған негізгі факторлар тиімсіз әлеуметтік саясат еді. Орталық Азия азаматтары Сирияға қарулы оппозиция жағында соғысуға өз отандарында болған әлеуметтік-экономикалық сипаттағы экзистенциалды мәселелерге байланысты күйзелістерге ұшырағандықтан барады [23]. И.Звягельская да Орталық Азия мемлекеттерінде төңкерістер болмаса да, халықтың наразылығының тұтануына әкеп соқтыратын әлеуметтік-саяси және экономикалық қайшылықтар бар екенін алға қойып, осындай ұстанымды білдіреді [24].

Исламның посткөненестік дәуірдегі жаңғыруы немесе қоғам мен мемлекеттегі исламның қайта жаңғыруы мәдени-рухани жаңғырудың құндылық қағидаттарымен қоса, діни экстремизм мен терроризм сын-қатерлерін де тудыруы мүмкін.

Постнормалды кезеңде болып жатқан діни сананың өзгеруі радикалды сананың (исламдық) өсу динамикасын көрсетеді және осыған байланысты мемлекет пен дін, конфессиялар арасындағы ғана емес, сонымен бірге конфессия ішіндегі сындарлы диалог идеологиясының діни санаға әсер ету тетіктерін анықтау қажет.

Қазақстанда ғылыми және қоғамдық кеңістікте соңғы жылдары мұсылман үмметін өз конфессиясының ішінде бөліну үрдісі дамуда, бұл елдегі ислам өкілдерінің бытыраңқылығы мен қақтығысына әкеліп соқтырады. Мұсылмандықтың ресми элитасы (мүфтият) қазіргі заман жағдайында үмметпен жұмыс істей алмағаны үшін қатты сынға ұшырап отыр [25]. Әртүрлі исламдық ағымдар арасында билік, идеологиялық үстемдік және т.б. үшін қайшылықтар орын алуда. Мұның бәрі мемлекет тарапынан да, мұсылман қауымының ішінде де қатынастарды байыпты қайта қарауды талап етеді. Зияткерлік дискурсты нығайту, оның ішінде мұсылмандық ортада икемділік пен бейімделу, діндарлар мен мемлекетті алшақтатпау осы саладағы қарым-қатынастарды үйлестірудің толық мүмкін және қажетті жолдары ретінде қарастырылады.

Қорытынды және ұсыныстар

Осылайша, мәдениеттегі, қоғамдық санадағы, күнделікті өмірдегі ислам тақырыбы, сондай-ақ мемлекеттік/аймақтық саясат пен қауіпсіздіктегі ислам факторы тақырыбы күн тәртібінде өзекті болып қала береді. Мемлекет және діндер, мәдениеттер субъектілері өзара іс-әрекетінің жаңа стратегияларын құруға деген идеологиялық сұраныс жаңа жаһандық геосаяси шынайылықпен тікелей байланысты. Діннің, әсіресе исламның Орталық Азия мен Қазақстан кеңістігіндегі маңызы айдан анық, осыған орай дін және діндарлық саяси бағытталған статусқа ие болып отыр. Діни саясат қабылданған шешімдерге ықпал етудің құралына айналып бара жатқаны мәлім. Ол өз кезегінде қоғам мен мемлекеттің тұрақтығына қауіп төндіреді. Дін институты қоғамдық және сарапшылық ортада екіжақты бағалануда.

Дәстүрлі бағыттағы ислам қоғамның басымдық парадигмасы бола тұра, оны дүниетанымдық, сәйкестендіруші құндылықтар жүйесінде ұстап отыру үшін да әрекет керек. Ислам бірегейлігінің мемлекеттік құндылықтармен үйлесетін, бейбітшіл, зияткерлік мүмкіндіктеріне ден қою қажет. Ислам дискурсының саясиленуі, ислам бірегейлігінің радикалдануы зайырлық пен дін арасындағы баланстың жоғалуына апаратын келеңсіз жағдайларға әкеп соғуы мүмкін. Қазақстанда қоғам дамуының заманға сай қажеттіліктерін ескере отырып, діни өмірдің барлық қатысушылары мүдделерінің бірлігін көрсететін зайырлы мемлекеттің құндылықтары мен идеалдарына сәйкес келетін зайырлық моделін әзірлеу керек.

Зерттеу барысында діндарлықтың, діни бірегейліктің деңгейі мен дәрежесінің өлшемдерін табу қиынға соқты. Себебі елімізде діндарлықты әлеуметтанулық өлшеудің/зерттеудің әртүрлі, кейде бір-бірінің нәтижелерін теріске шығаратын әдістері қолданылады. Сондықтан релевантты нәтижелерді алу мүмкін емес. Тұтас әрі өзекті мәліметтерді алу үшін Қазақстандағы діндарлықты әлеуметтік гуманитарлық зерттеудің біріңғай базасын, болмаса мәліметтер қорын қалыптастыру дұрыс. Қазақстандық қоғамның діндарлығына кешенді зерттеу жүргізу арқылы исламның және ислам бірегейлігінің ерекшелігін, қоғамдық діни санаға әсерін, еліміздің тарихи-мәдени дамуына, халқымыздың ділі мен дәстүріне сәйкестігін анықтауға болады. Сондай-ақ жаңа діни ұйымдар мен ағымдардың қоғамға тигізетін ықпалы мен идеологиялық әсерін зерттеу аясында олардың рөлін бағалауға мүмкіндік болады.

Қазақстанда және жалпы Орта Азия аймағында діни саланы мемлекет тарапынан асыра бақылау мен реттеу салдарынан түрлі конфессиялар діндарларының изоляцияға, консервацияға ұшырап, өз діни ұйымының шеңберінде тұйықталу үрдісі бет алууда. Бұл үрдіс еліміздегі конфессиялық келісім үшін жасырын қатер төндіруде, ал саяси тұрғыда Қазақстан халқының бірлігіне де қауіпті.

Қаржыландыру: Ғылыми мақала ҚР ҒЖБМ ҒК қаржыландыруы аясында дайындалған (BR21882428 «Постқалыпты кезеңдегі исламның рухани, мәдени, саяси, әлеуметтік құбылыс ретіндегі әсері мен болашағы: Таяу Шығыс және Орталық Азия елдерінің тәжірибесі»).

ӘДБИЕТТЕР.

1. Исламский фактор в мировой политике: курс лекций: [учеб. пособие] / Г.Н. Валиахметова; [науч. ред. В.А. Кузьмин]; М-во образования и науки Рос. Федерации, Урал. федерал. ун-т. – Екатеринбург : Изд-во Урал. ун-та, 2013. –124 с.
2. См. Исламский фактор в истории и современности / Ин-т востоковедения РАН; отв. ред. В.Я. Белокреницкий, И.В. Зайцев, Н.Ю. Ульянов. –М.: Вост. лит., 2011. – 605 с.; Ислам и политика (взаимодействие ислама и политики в странах Ближнего и Среднего Востока, на Кавказе и в Центральной Азии). М.: Институт востоковедения РАН, «Крафт+», 2001. – 420 с.
3. Зайферт А.К. Политический ислам в Центральной Азии – противник или демократический партнер?. – Перевод с немецкого языка 2014. // CORE рабочий документ 25. – <https://d-nb.info/1050700783/34>
4. Sebastien Peyrouse, "Islam in Central Asia: National Specificities and Post-Soviet Globalisation," Religion, State and Society, 35, no. 3 (2007): 245–260; Mariya Y. Omelicheva, "Islam in Kazakhstan: A Survey of Contemporary Trends and Sources of Securitization," Central Asian Survey, 30, no. 2 (2011): 243–256; Mohammad Karim, "Globalization and Post-Soviet Revival of Islam in Central Asia and the Caucasus," Journal of Muslim Minority Affairs, 25, no. 3 (2010): 439–448.
5. Akiner, S. 1996. Islam, the State and Ethnicity in Central Asia in Historical Perspective. Religion, State and Society 24. P. 91-132.; Khalid A.A Secular Islam: Nation, State and Religion in Uzbekistan // Journal of Middle East Studies. – 2003. – Vol. 4, №35. – P. 573–598.; Rasanayagam, J. (2010). Islam in Post-Soviet Uzbekistan: The Morality of Experience. Cambridge: Cambridge University Press. – 296 p.
6. Бурова Е.Е. Социологическое измерение религиозной идентичности в условиях мировоззренческого плюрализма // Формирование казахстанской идентичности в контексте задач модернизации общественного сознания: книга 3. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. С.628-655.
7. Yaacov Ro'i and Alon Wainer, "Muslim Identity and Islamic Practice in Post-Soviet Central Asia," Central Asian Survey, 28, no. 3 (2007): 303–322;
8. Қазақстандағы діни бірегейліктің инклюзивтілігі мен эксклюзивтілігі мәселелері: Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – 236 б.
9. Султангалиева А.К. «Возвращение ислама» в Казахстан. – Алматы, 2012. – 170 с.
10. Zhuzey M., Seitakhmetova N., Bektenova M., Zhandossova Sh. The Mosque in Post-Soviet Central Asia: Sacral and Spiritual contexts – Central Asia and Caucasus. English Edition. – Vol. 21 – Issue 3. – 2020 – P.94-109. DOI: <https://doi.org/10.37178/ca-c.20.3.09>
11. См. Louw M. E., Everyday Islam in Post-Soviet Central Asia (New York: Routledge, 2007); Sahadeo, J., & Zanca, R. (Eds.). (2007). Everyday Life in Central Asia: Past and Present. Indiana University Press. – 424 p.
12. Кикимбаев М., Медеуова К., Рамазанова А. Мечети в постсоветском Казахстане: дискурсы интерпретации и практики регулирования. // Central Asia and the Caucasus. Russian Edition, 2021. – Том 24, Выпуск 4
13. Bissenova, A. (2016). Building a Muslim Nation: The Role of the Central Mosque of Astana. In Kazakhstan in the Making: Legitimacy, Symbols, and Social Changes. pp. 211.
14. Лаумулин М.Т. Геополитические процессы в исламском мире (в контексте председательства РК в ОИК): монография. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – 176 с.
15. Ислам в Казахстане: между общностью и размежеванием //Центральная Азия: пространство «шелковой демократии» . Ислам и государство. Под редакцией Э.Ногойбаевой. Алматы, 2017. – 52 с.
16. Islam, Society, and Politics in Central Asia Edited by Pauline Jones (Pittsburgh, PA: University of Pittsburgh Press, 2017. Central Eurasia in Context), xvii. 366 pp.; Зайферт А. Введение // Секуляризм и ислам в современном государстве: что их объединяет? // Мат-лы междунар. «круглого стола» (г. Алматы, 30 ноября 2007 г.) / Отв. ред. Б.К. Султанов. Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – 294 с.; Светскость и религия в современном Казахстане: модернизация духовно-культурных смыслов и стратегий: Коллективная монография. Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. – 278 с.
17. Shukuralieva N., Lipiński A. Исламский экстремизм и терроризм в Центральной Азии: критический анализ // Central Asia and the Caucasus. Russian Edition, 2021. – Том 24, Выпуск 1. С.120-132.
18. Tolipov F. Islam, State and Society in Uzbekistan: How traditional Islam has influenced the present political culture of the Central Asian elites and societies // Islamic revival in Central Asia. The cases of Uzbekistan and Tajikistan. S. Olimova, F. Tolipov. – Documentos CIDOB ASIA 26. – 2011. https://www.files.ethz.ch/isn/127809/doc_asia_26.pdf / (қаралған күні: 28.11.2023).
19. Cornell S.E (2023) The New Secularism in the Muslim World: Religion and the State in Central Asia and Azerbaijan. – Armin Lear Press. – 314 p.

20. См. Международные отношения в Центральной Азии: События и документы: Учебн. Пособие для студентов вузов / А.Д.Богатуров, А.С.Дундич, В.Г. Коргун и др.; отв.ред. А.Д.Богатуров. 2-издание, испр. и доп. – М.: Издательство «Аспект Пресс», 2018. – 560 с.
21. Кушкумбаев С.К. Ислам в Казахстане: между общностью и размежеванием // Центральная Азия: пространство «шелковой демократии». Ислам и государство. Под редакцией Э.Ногайбаевой. Алматы, 2017. – 52 с.
22. Бурова Е.Е., Джаманбалаева Ш.Е. Религиозная ситуация в современном Казахстане (опыт социологической реконструкции) // Социологические исследования. – 2023. № 8, – С.76-85.
23. Гарбузарова Е.Г. Ислам в государствах Центральной Азии в современный период // Исламоведение. 2019. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/islam-v-gosudarstvah-tsentralnoy-azii-v-sovremennyj-period> (дата обращения: 01.12.2023).
24. Звягельская И.Д. Ближний Восток и Центральная Азия. Глобальные тренды в региональном исполнении. – М.: Аспект Пресс, 2018. – 224 с.
25. Аскар Сабдин: Салафиты давно среди элиты. 15.12.2021. Сайт e-islam.kz. / URL: <https://e-islam.kz/ru/interview/item/12204-askar-sabdin-salafity-davno-sredi-elity> (қаралған күні: 01.03.2024).

REFERENCES:

1. Islamskij faktor v mirovoj politike: kurs lekcij: [učeb. posobie] [The Islamic factor in world politics: a course of lectures: [studies. the manual]]/ G.N. Valiahmetova; [nauch. red. V.A. Kuz'min]; M-vo obrazovanija i nauki Ros. Federacii, Ural. federal. un-t. – Ekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta, 2013. –124 s.
2. Sm. Islamskij faktor v istorii i sovremennosti [The Islamic factor in history and modernity]/ In-t vostokovedenija RAN ; otv. red. V.Ja. Belokrenickij, I.V. Zajcev, N.Ju. Ul'chenko. –M.: Vost, lit., 2011. – 605 s.; Islam i politika (vzaimodejstvie islama i politiki v stranah Blizhnego i Srednego Vostoka, na Kavkaze i v Central'noj Azii). M.: Institut vostokovedenija RAN, «Kraft+», 2001. – 420 s.
3. Zajfert A.K. Politicheskij islam v Central'noj Azii – protivnik ili demokratičeskij partner? [Is political Islam in Central Asia an opponent or a democratic partner?]. – Perevod s nemetskogo jazyka 2014. / / CORE rabochij dokument 25. – <https://d-nb.info/1050700783/34>
4. Sebastien Peyrouse, "Islam in Central Asia: National Specificities and Post-Soviet Globalisation," Religion, State and Society, 35, no. 3 (2007): 245–260; Mariya Y. Omelicheva, "Islam in Kazakhstan: A Survey of Contemporary Trends and Sources of Securitization," Central Asian Survey, 30, no. 2 (2011): 243–256; Mohammad Karim, "Globalization and Post-Soviet Revival of Islam in Central Asia and the Caucasus," Journal of Muslim Minority Affairs, 25, no. 3 (2010): 439–448.
5. Akiner, S. 1996. Islam, the State and Ethnicity in Central Asia in Historical Perspective. Religion, State and Society 24. P. 91-132.; Khalid A.A Secular Islam: Nation, State and Religion in Uzbekistan // Journal of Middle East Studies. – 2003. – Vol. 4, №35. – R. 573–598.; Rasanayagam, J. (2010). Islam in Post-Soviet Uzbekistan: The Morality of Experience. Cambridge: Cambridge University Press. – 296 p.
6. Burova E.E. Sociologičeskoe izmerenie religioznoj identičnosti v uslovijah mirovovzrenčeskogo pljuralizma [The sociological dimension of religious identity in the context of ideological pluralism] // Formirovanie kazahstanskoj identičnosti v kontekste zadach modernizacii obshhestvennogo soznaniya: kniga 3. – Almaty: IFPR KN MON RK, 2020. S.628-655.
7. Yaacov Ro'i and Alon Wainer, "Muslim Identity and Islamic Practice in Post-Soviet Central Asia," Central Asian Survey, 28, no. 3 (2007): 303–322;
8. Қазақстандағы діни бірегейліктің инклюзивтілігі мен екслюзивтілігі мәселелері: Үзһымдық монография [Problems of inclusivity and exclusivity of religious identity in Kazakhstan: collective monograph]. – Almaty: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – 236 б.
9. Sultangaliev A.K. «Vozvrashhenie islama» v Kazahstan [The «Return of Islam» to Kazakhstan]. – Almaty, 2012. – 170 s.
10. Zhuzey M., Seitakhmetova N., Bektenova M., Zhandossova Sh. The Mosque in Post-Soviet Central Asia: Sacral and Spiritual contexts – Central Asia and Caucasus. English Edition. – Vol. 21 – Issue 3. – 2020 – P. 94-109. DOI: <https://doi.org/10.37178/ca-c.20.3.09>
11. Sm. Louw M. E., Everyday Islam in Post-Soviet Central Asia (New York: Routledge, 2007); Sahadeo, J., & Zanca, R. (Eds.). (2007). Everyday Life in Central Asia: Past and Present. Indiana University Press. – 424 p.
12. Kikimbaev M., Medeuova K., Ramazanova A. Mecheti v postsovetskom Kazahstane: diskursy interpretacii i praktiki regulirovanija [Mosques in post-Soviet Kazakhstan:

- Discourses of interpretation and practice of regulation] // Central Asia and the Caucasus. Russian Edition, 2021. – Tom 24, Vypusk 4
13. Bissenova, A. (2016). Building a Muslim Nation: The Role of the Central Mosque of Astana. In Kazakhstan in the Making: Legitimacy, Symbols, and Social Changes. pp. 211.
14. Laumulin M.T. Geopoliticheskie processy v islamskom mire (v kontekste predsedatel'stva RK v OIK): monografija [Geopolitical processes in the Islamic world (in the context of the Presidency of the Republic of Kazakhstan in the OIC): monograph]. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2011. – 176 s.
15. Islam v Kazahstane: mezhdunarodnye otnosheniya i razmezhevaniem [Islam in Kazakhstan: between community and separation] //Central'naja Azija: prostranstvo «shelkovoj demokratii». Islam i gosudarstvo. Pod redakciej Je.Nogojbaevoj. Almaty, 2017. – 52 s.
16. Islam, Society, and Politics in Central Asia Edited by Pauline Jones (Pittsburgh, PA: University of Pittsburgh Press, 2017. Central Eurasia in Context), xvii. 366 pp.; Zajfert A. Vvedenie // Sekularizm i islam v sovremennom gosudarstve: chto ih ob#edinjaet? // Mat-ly mezhdunar. «kruglogo stola» (g. Almaty, 30 nojabrja 2007 g.) / Otv. red. B.K. Sultanov. Almaty: KISI pri Prezidente RK, 2008. – 294 s.; Svetskost' i religija v sovremennom Kazahstane: modernizacija duhovno-kul'turnyh smyslov i strategij: Kollektivnaja monografija. Almaty: IFPR KN MON RK, 2020. – 278 s.
17. Shukuralieva N., Lipiński A. Islamskij jekstremizm i terrorizm v Central'noj Azii: kriticheskij analiz [Islamic extremism and terrorism in Central Asia: a critical analysis] // Central Asia and the Caucasus. Russian Edition, 2021. – Tom 24, Vypusk 1.S.120-132.
18. Tolipov F. Islam, State and Society in Uzbekistan: How traditional Islam has influenced the present political culture of the Central Asian elites and societies // Islamic revival in Central Asia. The cases of Uzbekistan and Tajikistan. S. Olimova, F. Tolipov. – Documentos CIDOB ASIA 26. – 2011. https://www.files.ethz.ch/isn/127809/doc_asia_26.pdf / Data obrashhenija 28.11.2023.
19. Cornell S.E (2023) The New Secularism in the Muslim World: Religion and the State in Central Asia and Azerbaijan. – Armin Lear Press. – 314 p.
20. Sm. Mezhdunarodnye otnosheniya v Central'noj Azii: Sobytiya i dokumenty: Uchebn. Posobie dlja studentov vuzov [International Relations in Central Asia: Events and Documents: Textbook. Handbook for university students] / A.D.Bogaturov, A.S.Dundich, V.G. Korgun i dr.; otv.red. A.D.Bogaturov. 2-izdanie, ispr. i dop. – M.: Izdatel'stvo «Aspekt Press», 2018. – 560 s.
21. Kushkumbaev S.K. Islam v Kazahstane: mezhdunarodnye otnosheniya i razmezhevaniem [Islam in Kazakhstan: between community and separation] //Central'naja Azija: prostranstvo «shelkovoj demokratii». Islam i gosudarstvo. Pod redakciej Je.Nogojbaevoj. Almaty, 2017. – 52 s.
22. Burova E.E., Dzhamanbalaeva Sh.E. Religioznaja situacija v sovremennom Kazahstane (opyt sociologicheskoy rekonstrukcii) [The religious situation in modern Kazakhstan (the experience of sociological reconstruction)] // Sociologicheskie issledovanija № 8, 2023. – S.76-85.
23. Garbuzarova E.G. Islam v gosudarstvah Central'noj Azii v sovremennyj period [Islam in the Central Asian States in the modern period] // Islamovedenie. 2019. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/islam-v-gosudarstvah-tsentralnoj-azii-v-sovremennyj-period> (accessed: 01.12.2023).
24. Zvjagel'skaja I.D. Blizhnij Vostok i Central'naja Azija. Global'nye trendy v regional'nom ispolnenii [The Middle East and Central Asia. Global trends in regional execution]. - M. : Aspekt Press, 2018. - 224 s.
25. Askar Sabdin: Salafity davno sredi jelity [Salafists have been among the elite for a long time]. Sajt. e-islam.kz. / URL: <https://e-islam.kz/ru/interview/item/12204-askar-sabdin-salafity-davno-sredi-elity/> (accessed: 01.03.2024).

Мақаланың редакцияға түскен күні: 27-03-2024

Мақаланың жарияланған күні: 27-09-2024